

2010 жылдың 3 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 233-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 1 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6318 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі N 327-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010.09.30 N 327-ө (ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді және 2010 жылдың 1 қазанынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады) Бұйрығымен .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

«Кедейлік шегін анықтау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі № 537 қаулысымен бекітілген кедейлік шегін анықтау ережесінің 4-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2010 жылдың 3 тоқсанына арналған Қазақстан Республикасы бойынша кедейлік шегі Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 пайызы мөлшерінде анықталсын.

2. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қызметтер департаменті (Манабаева К . А .) о с ы б ұ й р ы қ т ы :

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялауын;

2) облыстық, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жеткізуді қамтамасыз е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-министр Ә.Б. Нүсіповаға ж ү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

Г. Әбдіқалықова

